

БІЛІМ МЕН ФЫЛЫМ – БАСТЫ БАҒДАР

Тәуелсіздік – кез-келген азамат үшін ең қастерлі құндылық. Қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң қабылданған сол бір тарихи қунде, 1991 жылдың 16-желтоқсан күні жүзеге асты. Елбасы Н.Назарбаев «Елдіктің жеті тұғыры» атты қагидаттар жиынтығында тәуелсіздікке арқа болған құндылықтарды атап өтті.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихындағы барлық жетістіктері, қазақ халқының егеменді заманда жаңаша ерекше өрлеуі, өркендеуі, рухани-экономикалық өркіндігіміз, әлемдік қоғамдастық пен дүние жүзінің дағыған озық мемлекеттерімен тerezemіз тен, дәулетті елдермен бірдей қарым-қатынас жасау жетістіктеріміздің барлығының алтын бастауы – Тәуелсіздігіндегі. Ал бірлік пен келісім – елдігіміздің мызғымас тұғыры. Этникалық әралуандық – біртұтас ұлт ретінде қалыптасқан халқымыздың артықшылығы. Конституцияны қастерлеу, мемлекеттік тілді білу, ұлттық құндылықтарды қадірлеу – әр азаматтың парызы. Бірлігімізді арттырып, ынтымағымызды қүштейтсек қана елдігіміз нығайып, егемендігіміз баянды болады.

Жер – ата-баба мұрасы, халық қазынасы. Ғасыр-лар бойы үрпақ өсір-ген кең-байтақ қазақ жері. Халқымыз оның қадір-қасиетін жақ-сы түсініп, жоғары бағалаған. Отанымыздың, көне заманнан бері үрпақ өсірген ата-бабаның мекені. Мен қазақлыын деп ешкімнен қымсынбай кеңжайлап жүретін қасиетті кеңістік. Қай заманда болса да қазақ халқы өз жерін қасыққаны қалғанша қорғай білген. Төртінші. Отбасы мен салт-дәстүр – қоғамның алтын діңгегі. Отан-отбасынан басталады дегендей, біз өз Отанымызды, елімізді жанымыздай сүюге,

Тәуелсіз Қазақстанымыздың тұғыры берік, болашағы баянды болуына жан-жақты ат салысуымыз қажет. Отанымызды сүюге тәрбиелейтін бірден-бір орта – бұл отбасы. Бесінші. Ұлттық мәдениет – халықтың рухани тірегі. Ұлттық рухтың үнемі ұлықтап жүретін қазақтың тәлім-тәрбиесінің қайнар көзі тым теренін басталады. Толық-қанды тәлім мен тәрбиені жүргізу үшін алдымен терезесі тәңескен, тәрт құбыласы түгел ұлт болып қалыптасу қажет. Ұлт ешқашан басқаларға тәуелді болмаған, өзінің мекемелеріне ие, өзінің мұддесі бар халықтардың жиынтығы. Алтыншы. Білім мен еңбек – бақуатты өмір діңкілті. Өскелен үрпақтың сапалы білім алып, лайқты өмір сүруі жолында елбасының еңбегі, бүгінде іс жүзінде жүзеге асып отыр. Жетінші. Прагматизм – бәсекеге қабілетті болудың кепілі. Прагматизм өзінің ұлттық және жеке байлығынды нақты білу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, дәнғойлық пен көрдендікке жол бермеу деген сез.

Ж. АҚШАТАЕВА,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
Қылмыстық құқық және
қылмыстық процесс
кафедрасының оқытушысы,
заң ғылымдарының
кандидаты,
қауымдастырылған
профессор